



## **Құрметті достар!**

*Қазақ ұлттық өнер университеті (ҚазҰӨУ) – өз қызметін инновациялық негізде, дәстүрлер мен интеграциялық үрдістерді іске асыру арқылы әлемдік мәдени кеңістікке қосылған Қазақстандағы мәдениет, өнер және білім саласындағы ірі шығармашылық жоғары оқу орны.*

*ҚазҰӨУ – жастарға көркемөнер білімінің жан-жақты қырларын мамандандырылған мектептен бастап PhD докторантураға дейінгі дәріс пен тәрбиені үздіксіз түрде бере алатын республикадағы бірегей сапалы жалғыз университет.*

*Біздің университетте елімізде және шет елдерде мойындалған мәдениет пен өнер саласындағы ең үздік мамандар, танымал ғалымдар, халық артистері, ҚР еңбегі сіңген қайраткерлері қызмет етеді.*

*ҚазҰӨУ халықаралық байланыс қызметі жаңа идеялар мен жобаларды, ғылыми және шығармашылық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында әлемдегі жетекші жоғары оқу орындарымен білім, мәдени және ғылыми ынтымақтастықты дамытуға әрі оны кеңейту бағытында табысты еңбек етуде.*

*ҚазҰӨУ елімізде творчестволық жастардың кәсіби біліктілігін жоғары деңгейге көтеріп, бәсекелестік қабілетін арттыруда және әлемдік мәдениет кеңістігінде Отанымыздың жарқын бейнесін асқақтатушы белсенді орталық болып отыр. Концерттер мен театр залдарында, вернисаждар мен көрме подиумдарында, телехабарлар мен кино саласында Қазақстанды танытатын біздің таланттар.*

*Бүгінде ҚҰӨУ профессорлық-оқытушылық құрамының, студенттер мен түлектерінің басты мақсаты – мемлекетіміздің Президенті-Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың қоғамдық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту мақсатындағы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын қолдау. Осы бағытты қолдай отырып, біз білім беру сапасын арттыруға, ұлттың мәдени кодын сақтауға, қазақ халқының мұрасын өркендетіп, әлемдік ауқымда Қазақстанды танымал етуге ұмтыламыз.*

*Қазақ ұлттық өнер университетіне қош келдіңіздер!*

**ҚазҰӨУ ректоры**

**ҚР халық әртісі**

**ҚР Еңбек Ері**

**Профессор А.Қ. Мұсақожаева**

ҚазҰӨУ студентінің анықтама-жолсілтемесі Сіздің университеттегі студенттік өміріңізде алғашқы көмекшіңіз болып табылады. Анықтамада Сіз оқытудың кредиттік технологиясы, білімнің бағасы, өзіңіздің құқығыңыз бен міндеттеріңіз, білім алушы тәртібінің ережелері, спорттық және жастар ұйымдары туралы ақпарат таба аласыз.

## Өнер университеті туралы жалпы мәлімет

Қазақ ұлттық өнер университеті өз кезегінде №1 балалар музыка мектебі мен Ақмола өнер колледжін біріктіру арқылы жасақталған Қазақ ұлттық музыка академиясы негізінде ұйымдастырылды.

Музыка академиясы білім берудің барлық буындары – мектеп, колледж, ЖОО біріктірген үздіксіз кәсіби білім беру идеясы негізін қалайтын бірегей жоба болып табылады.

Музыканттарға музыка әлеміндегі алғашқы қадамынан бастап кәсіби шеберлікті толық меңгергенге дейін оқу орнының қабырғасында жүйелі бірізді тәрбие беру туралы Айман Мұсақожаеваның идеясы ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың қолдауына ие болды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 наурыздағы №269 қаулысымен Қазақ ұлттық музыка академиясы ашылды. Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 1998 жылғы 15 сәуірдегі №28 бұйрығымен Қазақ ұлттық музыка академиясының ректоры болып Қазақстан Республикасының Халық әртісі, профессор Айман Мұсақожаева тағайындалды.

Академияның миссиясы, яғни басты міндеті – еліміздің барлық облыстары мен аймақтарынан келген дарынды балаларға қолдау көрсету, өнер шеберлерінің жаңа толқын буынын жан-жақты білім беріп, тәрбиелеу үшін қажетті жағдайлар туғызу. Осында отандық педагогиканың ең үздік дәстүрлері, әлемдік білім беру үдерісінің заманауи жетістіктерімен біріктірілді.

Профессорлық - оқытушылық құрам білім мен мәдениет саласындағы жаңа идеяларды қабылдауға және іс жүзінде жүзеге асыруға қабілетті, тәжірибелі мамандардан жасақталды. ҚазҰМА-да қызмет істеуге республикамыздағы белгілі музыканттар – Мәскеу, Ленинград, Новосибирск, Ташкент, Алматы консерваториясының түлектері шақырылды. Бұлар – көптеген конкурс лауреаттарын тәрбиелеген жоғары білікті педагогтар мен орындаушылар, педагогикалық қызметте кеңінен қолданылып жүрген оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстары бар тәжірибелі әдіскерлер мен ғалымдар.

Н. Ә. Назарбаев Академияның 1998 жылғы 2 шілдеде өткен салтанатты ашылуына қатысса, ал 2000 жылы Президент қайта жөндеуден өткен бас ғимаратын барып көрді. ҚР Президенті және ҚР Үкіметінің қолдауымен жана оқу ғимараттары салынды. 2005 жылы Орган залы ашылды. «Hugo Mayer Organ Construction» неміс фирмасының органы қолдануға берілді. Жоғары оқу орнының Орган залындағы тұрақты өтіп жүрген концерттер оны елорда мен республиканың мәдени орталығы мәртебесіне жеткізді.

ҚР Үкіметінің қаулысымен 2009 жылы елордада өнердің барлық түрін дамыту мақсатында Қазақ ұлттық музыка академиясы Қазақ ұлттық өнер университеті болып қайта құрылды.

Миссия қазіргі заманғы халықаралық талаптарға сәйкес сапалы білім беру қызметтерін ұсыну арқылы Қазақстан Республикасының мәдениетін, өнері мен көркемдік білімін дамыту үшін ұлттық элитаны даярлау болып табылады.

Университеттің пайымы: Университет үздіксіз білім беру моделі (мектеп-колледж-бакалавриат-магистратура-докторантура) негізінде Мәдениет және өнер саласында жоғары білімді, бәсекеге қабілетті, интеллектуалды дамыған мамандарды даярлаумен айналысатын Қазақстанның ірі шығармашылық жоғары оқу орындарының бірі болып табылады

2010 жылы «мәдениеттану», «өнертану», «хореография», «кескіндеме», «мүсін», «режиссура» (рольдік-ойын және деректі кино), «операторлық өнер»,

«сценография» (киім, грим-визаж дизайны) тәрізді жаңа шығармашылық мамандықтар ашылды.

ЖОО-да білім беру үрдісінің көркемдік іс-тәжірибемен байланысы табысты жүзеге асырылуда. Студенттер үшін өндірістік база ретінде Астананың орындаушылық ұжымдары – Астана қаласының мемлекеттік филармониясының симфониялық және эстрадалық оркестрлері, М. Горький атындағы орыс драма театры мен Қ. Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық-драма театры, елорда музыка мектептері мен басқа да мекемелер болып табылады. Студенттер оқу-өндірістік қызметке белсене араласып, өзіндік «шығармашылық зертхана - технопаркінің» қатысушылары ретінде тәжірибе алуда.

Университет осы жылдар ішінде музыкалық өнер саласындағы 500-ден астам халықаралық конкурстар мен 300-ден астам республикалық конкурстардың лауреаттарын дайындады.

ҚазҰӨУ түлектерінің жоғары кәсіби деңгейі олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін, Астана қаласы және республикадағы шығармашылық және педагогикалық ұжымдарға жұмысқа орналасуын қамтамасыз етеді.

Үздіксіз және үдемелі даму Президент Н. Ә. Назарбаевтың Қазақ ұлттық өнер университеті ұжымының алдына қойған негізгі мақсаттарының табысты іске асырылуының көрнекті дәлелі болып табылады.

## Глоссарий

<b><i>Академиялық күнтізбе (Academic Calendar)</i></b>	оқу жылы бойына демалыс күндерді көрсете отырып, оқу сабақтары мен бақылау шараларын өткізетін кесте.
<b><i>Академиялық кезең (Term)</i></b>	теориялық оқыту кезеңі, 15 апталық семестр.
<b><i>Білім алушының академиялық рейтингі (Rating)</i></b>	білім алушының бағдарламалық материалды игерген деңгейіне қорытынды бақылау мен аралық аттестация қорытындысынан құралатын сандық көрсеткіші.
<b><i>Академиялық демалыс</i></b>	бұл білім мекемесіндегі білім алушының (оқушылар, тыңдаушылар, студенттер, курсанттар, интерндер, адъюнктер, резиденттер, магистранттар және докторанттар) денсаулық жағдайына байланысты, қыз балалар аяғы ауыр кезінде, немесе, бала туған жағдайда, ер балалар Қазақстан Республикасының Қарулы күштер қатарына алынған сәтте оқуларын уақытша тоқтататын кезең.
<b><i>Академиялық анықтама (Transcript)</i></b>	өтіп кеткен оқу кезеңіндегі оқытылған пәндер тізімін құрайтын, кредит пен бағасы көрсетілген арнайы берілген формадағы құжат.
<b><i>Белсенді таратылым материалдары (APM) (Hand-outs)</i></b>	білім алушыға берілген тақырыптарды шығармашылықпен табысты игеруіне себепкер болатын, оқу үрдісі кезінде таратылатын белсенді көрнекілік иллюстрациялық материалдар (тезистер, дәрістер, мысалдар, глоссарийлер, өздік жұмысына арналған тапсырмалар).
<b><i>Оқу пәндеріне тіркелу (Enrollment)</i></b>	ЖОО-мен белгіленген тәртіп бойынша білім алушымен алдын-ала оқу пәндеріне тіркелу жүйесі.
<b><i>Білім алушының қорытынды мемлекеттік аттестациясы (Qualification Examination)</i></b>	білім алушылардың жыл соңының қорытындысы бойынша білім туралы құжат (диплом) берілетін, мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім деңгейін тексеру мақсатында өткізілетін жүйе.

<b>Қорытынды бақылау</b> <b>(Final examination)</b>	аралық аттестация кезінде оқу пәнінің оқытылу соңында емтихан (тестілеу) түрінде өткізілетін, оқушының оқу деңгейін тексеру.
<b>Кредиттік оқыту жүйесі</b>	оқушылармен жекешелендіру және кредит көлеміндегі білім есебі мен оқу үрдісінің регламентация аумағында білім беру траекториясын таңдау негізінде білімді шығармашылық түрде игеру мен өзіндік білім алу деңгейін жоғарылатуға бағытталған білім беру жүйесі.
<b>Таңдау бойынша компонент</b> <b>(Electives)</b>	жоғары оқу орнымен ұсынылатын және білім алушылардың өздігінен таңдап алынатын, кредиттердің минималды көлеміне сәйкес келетін оқу пәндерінің тізімі.
<b>Тіркеуші офисі</b> <b>(Office of Registrar)</b>	оқушылардың оқу жетістіктерінің барлық тарихын тіркейтін және барлық бақылау түрлерін есепке алуды қамтамасыз ететін қызмет.
<b>Препреквезиттер (Prerequisite)</b>	оқылатын пәнді игеру үшін қажетті білім, икемділіктер мен дағдыларды қамтитын пәндер.
<b>Постреквезиттер</b> <b>(Postrequisite)</b>	аталған пәнді оқыту аяқталғанда оларды зерделеу үшін меңгерілген білім, икемділіктер мен дағдыларды қажет ететін пәндер.
<b>Силлабус (Syllabus)</b>	жеке пән бойынша мәлімет беретін, мақсаты мен міндеттері, көлемі, тақырыптар туралы және әр сабақтың ұзақтығы, өздік жұмыстардың тапсырмалары, кеңес уақыты, оқытушылардың талаптары, сынау мен бағалау ережесі, межелік бақылау кестесі мен әдебиеттер тізімі бар оқу бағдарламасы.
<b>Пәннің оқу-әдістемелік кешені (ПОӘК)</b>	пәнді жетік меңгеруге себін тигіздіретін негізгі оқу-әдістемелік құжаттар кешені.
<b>Өту (проходной) балы</b> <b>(Grade Point Average – GPA)</b>	ағымдық оқу кезеңі бойынша кредиттердің жалпы санына қарай аралық аттестаттау пәндерінің балдық бағасының сандық эквиваленті мен кредиттер сомасының қатынасы - білім алушының таңдаған бағдарлама бойынша бір оқу жылындағы қол

жеткізген оқу үлгерімінің таразыланған орташа бағасы.

**Үлгерімнің межелік бақылауы  
(Midterm Examination)  
(ВСК – внутрисеместровый контроль)**

пәнді оқытатын оқытушының бекітілген академиялық күнтізбесіне сәйкес оқушылардың жетістіктерін жүйелі түрде тексеруі (семестрде екі рет).

**Студенттің өзіндік жұмысы  
(СӨЖ)**

оқу-әдістемелік әдебиет және нұсқаулық пен қамтамасыз етіліп, деңгейіне байланысты тест, бақылау жұмысы, коллоквиум, реферат, шығармалар және есептер арқылы бақыланатын білім алушының өздігінен дайындалуға арналған арнайы тақырыптармен жұмысы.

**Студенттің оқытушының басқаруымен өзіндік жұмысы**

сабақ кестесінде көрсетілген, оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өздік жұмыс түрі.

**Тьютор (Tutor)**

сабақ жүргізетін оқытушы және студенттің нақты пәнді игеруі бойынша академиялық кеңесші рөлін атқаратын тұлға.

**Үлгерімнің ағымдық бақылауы**

сабақты жүргізетін оқытушылардың, білім алушылардың оқу жетістіктерін оқу пәнінің жеке тақырыптары немесе тармақтары бойынша білімдерін жүйелі тексеруі

**Эдвайзер (Advisor)**

студенттің мамандығына сәйкес академиялық нұсқаушысының міндетін атқаратын, оқыту траекториясын таңдауда (жеке оқу жоспарын құрастыруға), оқу кезеңі кезінде оқу бағдарламасын игеруге көмектесетін, болашақ мансап, бітіруші түлектік жұмыстар жазу, кәсіптік тәжірибені ұйымдастыру бойынша сұрақтарға кеңес беретін түлек шығарушы кафедраның оқытушысы.



## ҚазҰӨУ-нің ішкі тәртіп Ережесі Студенттердің міндеттері мен құқықтары

### **Студент құқылы:**

1. Эдвайзердің басшылығымен өзінің білім бағдарламасын құруға;
2. Бекітілген ЖОЖ-на сәйкес (жеке оқу жоспары) оқу пәндерін меңгеруге;
3. Ақылы негізде сәйкестендірілген курсты қайта оқып, игеруге;
4. Кафедрадан әр пәнге қатысты оқу-әдістемелік кешенін (ПОӘК):
  - а) белсенді таратылым материалдарын (тезистер, дәрістер, мысалдар, глосарийлер, өздік жұмысына арналған тапсырмалар);
  - б) силлабус – әр пәнге арналған оқу бағдарламасын алуға.
5. Қалыптасқан тәртіп бойынша бір оқу орнынан екінші оқу орнына қандай да оқу түрінен ауысып, оқуын қайта жалғастыруға.
6. Университеттің оқу-әдістемелік базасымен және техникалық құралдарымен ақпараттық ресурстарын тегін қолдануға <http://kaznuilibrary.kz>;
7. МЖМББС-на сәйкес барлық талаптарды орындаған және оқытудың толық кезеңі ішінде компонент бойынша кредиттер санын игерген студент қорытынды мемлекеттік аттестацияға жіберіледі. Қорытынды мемлекеттік аттестация түлектік жұмысты қорғау және (немесе) мамандық бойынша мемлекеттік емтихандар тапсыру түрінде өткізіледі.

### **Студенттің міндеттері:**

1. ҚазҰӨУ Жарғысының талаптарын және ішкі тәртіп ережелерін қатаң түрде орындауға - сыртқы киіммен жүруге, шылым шегуге, қатты сөйлеуге тыйым салынады.
2. Кредиттік оқу жүйесі бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру ережелерімен танысу.
3. «Platonus» <http://platonus.kaznui.kz> автоматтандырылған ақпараттық жүйенің логині мен құпия сөзін алу.



4. Эдвайзердің жетекшілігімен ЖОЖ құру.
5. Күнделікті барлық аудиториялық сабақтарға қатысу.
6. Сабаққа және емтиханға кешікпеу.
7. Емтиханға білім алушының сынақ кітапшасымен келу.
8. Себепсіз сабақтан қалып қойған жағдайда, бұл туралы факультет деканатына хабарлап, сабаққа қатыспай қалуы туралы себептері көрсетілген құжатты көрсету (3 күн аралығында).
9. Студенттер студенттік емханада берілген медициналық анықтаманы офис тіркеушіге (көшірмесін) және деканатқа (түпнұсқасын) тапсырады.
10. Оқудың төлем ақысын уақытымен және толықтай төлеу.

11. Өнер университетінің материалдық құндылықтарына (аспаптарға, оқу құралдарына, құралдарға, кітаптарға, жатақхана заттарына) аса тиянақтылықпен және жауапкершілікпен қарау.

12. Жатақхананың ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтауға: санитарлық нормаларын, электр қуатын үнемдеу, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтау;

13. Университет аумағындағы тазалық пен қоғамдық тәртіпті сақтау;

14. Университет оқытушылары, қызметкерлері мен курстастарымен қарым-қатынас кезінде әдептілік таныту;

15. Оқу сабақтары мен концерт кезінде ұялы телефонды сөндіру;

16. Студент негізгі қарым-қатынас құралы ретінде өз сөйлеу мәдениетін қадағалау қажет. Туған тілінің көркемділігін бағалай білуі керек. Студенттік сәт жастық шақтың ең авангардты кезеңі, сондықтан студент өз құрдастары мен жеткіншек ұрпаққа үлгі болуы тиіс;

17. Университеттің қоғамдық және концерттік өміріне белсенді қатысу.

### Оқу үрдісін ұйымдастыру


Оқу үрдісі бекітілген оқу жоспары, академиялық күнтізбе, штат кестесі, оқу сабақ кестесі және ОСӨЖ-дің кестесі негізінде жүзеге асады.

Оқу үдерісін ұйымдастыру және үйлестіруді **Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет** жүзеге асырады.

Оқу үдерісін басқару және бақылау, сондай-ақ студенттердің аралық және қорытынды аттестациясын өткізуді **Кеңсе-тіркеушісі** жүзеге асырады. Сонымен қатар, **Кеңсе-тіркеушісі** «Platonus» автоматтандырылған ақпарат жүйесінің жұмысын үйлестіреді.

«Platonus» - бұл кредиттік жүйенің үрдісін кешенді түрде автоматтандыруға және қашықтан оқыту технологиясына мүмкіндік беретін автоматтандырылған ақпараттық жүйе.

Университет қызметкерлері өздерінің негізгі міндеттерін автоматтандыруға, ал студенттер қажетті ақпаратты көруі үшін әрбір студент пен қызметкерге арналған дербес кабинет (веб-парақша) ұсынылған.



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Логин және құпия сөз бірінші курста деканатта беріледі.

Егер құпия сөзді ұмытып қалсаңыз Кеңсе-тіркеушісіне жолығыңыз.

«Platonus» ААЖ-не кіру web-браузер арқылы жүзеге асады.



Google Chrome



Mozilla Firefox



**Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет**  
**Кеңсе - тіркеушісі**  
**201 кабинет**  
**Телефон 8-717-2-70-55-19**

**Білім алушылардың білімін бағалау, аралық, ағымдық және қорытынды бақылауларды ұйымдастыру тәртібі**

Оқушының аралық, ағымдық және қорытынды білім бағасын бақылауларды ұйымдастыру тәртібі «Жоғарғы оқу орындарда үлгерімнің ағымдық бақылауы, аралық және қорытынды аттестацияны өткізудің типтік ережелеріне» сай ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурызынан № 125 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Студенттердің оқу жетістіктерін бақылау - түрлі пәндер бойынша бақылау тапсырмалары негізінде студенттердің оқу жетістіктерін тексеру; ол ағымдағы бақылауға, аралық бақылауға және қорытынды бақылауға бөлінеді.


*Ағымдық бақылау үлгеріміне ағымдық бағалар кіреді* - ағымдық білім бағасы – бұл семинар және тәжірибе сабақтарында, өздік жұмысын орындағаны үшін қойылатын бағалар. Ағымдық бақылау оқу үрдісін бақылау және балдық-рейтингтік ұйымдастыру жүйесіне сай жүргізіледі.

*Ағымдағы үлгерімді бақылау* – семестр бойы оқытушының сабақтарда жүргізетін әр тақырып және/немесе оқу тәртібінің бөлімі бойынша студенттердің оқу жетістіктерін жүйелі тексеру.

*Оқу жұмысының аралық бақылауы* - оқу жоспарына сәйкес мұғалім жүргізетін студенттердің оқу жетістіктерін мерзімді тексеру. Аралық бақылау коллоквиум, жазбаша бақылау жұмысы, аудиториядағы және аудиториядан тыс тестілеу түрінде жүргізіледі.

*Қорытынды бақылау* - академиялық кезеңнің соңында аралық аттестациялау кезеңінде, оқу пәні оқығаннан кейін өткізілген студенттердің оқу жетістіктерін тексеру; қорытынды бақылау нысаны емтихан болып табылады: ауызша, жазбаша, тестілеу. Бақылаудың барлық түрінен студенттердің оқу жетістіктерін бағалау: ағымдағы бақылау үлгерімі, емтихандық сессия және мемлекеттік қорытынды аттестаттау әріптік жүйе балдық-рейтинг бойынша жүргізіледі.

Әріп жүйесіндегі баға	Балдық баға	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйедегі баға
A	4,00	95-100	«Үздік»
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	«Жақсы»
B	3,00	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	«Қанағаттанарлық»
C	2,00	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,00	50-54	«Қанағаттанарлық емес»
F	0,00	0-49	



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

1. Студент пән бойынша келесі жағдайларда емтиханға жіберілмеуі мүмкін:

- төменгі семестрлік рейтинг (максималды семестр рейтингі 50% кем емес);
- оқу ақысы талаптарын орындамаған жағдайда.

Сонымен қатар оқытушы ведомостта «баға» бағанында «жіберілмеген» деп жазады, ал бұл қанағаттандырылмайтын бағаға тең.

2. Қорытынды бақылау түрінде «қанағаттанарлықсыз» баға алған студент жазғы семестрде ақылы негізде бұл пәнді қайта тыңдауға және өткізуге құқылы. Сонымен қатар, ол пәннің бағдарламасымен қарастырылған бақылаудың барлық түрлерін қайтадан тапсыруы керек.

3. Емтихан сессиясын ауыру немесе басқа маңызды себептермен уақытылы тапсыра алмаған студенттердің сессиясын тиісті ұйымнан дәлелдейтін құжат болған жағдайда Академиялық мәселелер жөніндегі қызметтің бұйрығы бойынша сессияны ұзартады және оларды тапсыру үшін жеке мерзімін белгілейді. Бұл жағдайда мемлекеттік білім беру грантының иегерлері жақсы бағалар болғанда гана стипендия алуға құқылы.

**Жазғы семестр ақылы түрде төмендегі студенттер үшін жүргізіледі:**

- өткен академиялық кезең бойынша академиялық қарыздары бар;
- оқуға қайта қабылдану, ауысу, академиялық демалыстан шыққан кездердегі академиялық айырмасы бар.

**Жазғы семестрдің ұзақтығы 6 аптадан аспауы қажет.**



**Өту рәсімі**

- қосымша (жазғы) семестрге қатысу туралы ректорға жіберілген өтініш барлық емтихандар тапсырылғаннан кейін бірден жазылады;
- кредиттер үшін төлем бойынша түбіртек (Кеңсе-тіркеушісі алады);
- оқу кестесі (мұғалімнің қолы);
- Жазғы семестрді қорытындылау (ведомость Кеңсе-тіркеушісіне беріледі.

**Академиялық қарыздарды жою**

Емтихандық сессияны белгіленген уақытта денсаулығына байланысты, немесе, басқа да себептермен тапсыра алмаған жағдайда, студенттер деканатқа арнайы мекемеден растайтын құжат ұсынуы қажет, факультет деканының өкімі бойынша тіркеу кеңсесі сессияны ұлғайтып, оларды тапсырудың жеке уақытын белгілейді. Бұл жағдайда мемлекеттік білім беру грантында оқитын студенттердің (жақсы баға алған жағдайда) стипендияға құқығы сақталады.

Академиялық борыш деген студенттің емтиханға себепсіз келмегені немесе емтиханда «қанағаттанарлықсыз» бағасын алғаны, қорытынды бақылауға жіберілмегенінің нәтижесінде қалыптасқан студент қарызы жатады.

Сессияның қорытындысы бойынша академиялық қарызы бар студенттер, кредиттік технология кезінде оқудан шығарылмайды. Көшіру балын алған, бірақ академиялық қарызы бар білім беру грантының иегерлері, гранттан айырылмастан тиісті пәндерді ақылы түрде қайтадан оқып және олардан емтихан тапсыруы қажет. Академиялық қарыздарды жою жазғы семестр кезінде жүзеге асырылады.

### **GPA - ның есептелуі**

Жазғы емтихандық сессия келесі курсқа көшіру сессиясы болып саналады, келесі курсқа көшіру үшін GPA есебі жүргізіледі. Студенттердің курстан келесі курсқа көшірулерінің GPA баллының көрсеткіші (орташа балл):

4 жыл/5 жыл оқитындарға:

- екінші курсқа - кемінде 2,0;
- үшінші курсқа – кемінде 2,5;
- төртінші курсқа – кемінде 2,75;
- бесінші курсқа – кемінде 3,0.


Егер студент белгіленген көлемінен GPA баллын төмен алған жағдайда, ол сол курсты қайта (ақылы түрде) оқиды.

### **Студенттерді оқудан шығару туралы**

Университет білім алушысы оқудан шығарылуы мүмкін:

- өз еркімен;
- келісім-шарт шарттарын орындамағаны үшін;
- ҚазҰӨУ-ң ережесін және ішкі тәртіпті бұзғаны үшін;
- төлем келісімшартын бұзғаны үшін;
- басқа ЖОО-ға ауысуына байланысты.

1. Студентті оқудан шығару декан факультетінің ұсынымы арқылы ректордың бұйрығымен орындалады. Оқудан шығарылған студентке (1 курстың 1 семестрін аяқтамаған студентке академиялық анықтама берілмейді) бекітілген үлгідегі академиялық анықтама (транскрипт) және жеке ісіндегі білім туралы құжаттары (аттестат, кәсіби орта білім туралы диплом) беріледі.
2. Аттестация қорытындысы бойынша «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған студенттер, Университеттен ректор бұйрығымен «білімін аяқтамаған» деген анықтамамен оқудан шығарылады.



### **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Мемлекеттік қорытынды аттестацияны өтпеген тұлға, келесі жылы ректордың атына қортынды аттестацияға кем дегенде екі апта қалғанда, қортынды аттестацияға қайта кіру үшін өтініш жазады.

Мемлекеттік қортынды аттестацияны өтпеген тұлға, келесі жылы ректордың атына қортынды аттестацияға кем дегенде екі апта қалғанда, қортынды аттестацияға қайта кіру үшін өтініш жазады.


Мемлекеттік қортынды аттестацияға кіру рұқсаты ҚазҰӨУ-ің ректорымен ұйымдастырылады.

Қайта қортынды аттестация өткен оқу жылында «қанағаттанарлықсыз» деген баға нысандары бойынша өткізіледі.

### ***Білім алушыларға академиялық демалыс ұсыну ережелері***

Академиялық демалыс рұқсат етіледі:

- амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-кеңес комиссияның (бұдан әрі – ДКК) қорытындысы бойынша сырқатына байланысты ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейінгі кезеңде;
- ҚР Қарулы күштері қатарына шақырылған жағдайда (әскери қызмет кезеңі аралығында);
- кішкентай нәресте дүниеге келгенде, немесе, баланы асырап алған жағдайда (ұзақтығы 3 жыл).



#### **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Академиялық демалыстан оралған студент, оқу жоспарының пәндеріндегі айырмашылықтары болса оны жоюы керек.


Жұмыс оқу жоспарларының пәндеріндегі айырмашылықты, академиялық демалыстан шыққан студент белгіленген тәртіпте студенттерді аралық аттестаттау кезінде немесе жазғы семестрде тапсырады.

#### **Оқу ақысы**

Студент оқуын уақытылы төлеуге міндетті. Оқуға төлеуге ЦентрКредитінің есеп айырысу-кассалық бөлімінде қол жеткізуге болады.


Ақылы қызметтердің түрі 13 (жоғары кәсіптік білімі бар мамандарды даярлау бойынша қызметтер) Транзакциялық шот №KZ390703012400036001

### **ТӨЛЕМ ТУРАЛЫ КЕЗ КЕЛГЕН КЕҢЕСТІ СТУДЕНТ 201 КАБИНЕТТЕН АЛА АЛАДЫ.**



#### **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Грантта оқитын студенттерге арналған ақпарат

Стипендия алу үшін  ForteBank банктің төлем карточкасын шығару қажет. Ол үшін «ForteBank» банк есеп айырысу-кассалық бөліміне жүгіну қажет.


Оқу туралы анықтаманы факультет деканатынан тапсырыс беруге болады.


#### **Шәкіртақы тағайындау**


Мемлекеттік білім беру гранты негізінде оқитын студенттер шәкіртақы алуға құқығы бар. Сессияның қорытындысы бойынша мұндай студенттер барлық емтихандарды «А», «А-», «В +», «В», «В-» рейтингтерімен тапсырған жағдайда шәкіртақы тағайындалады. Сессияны «А» және «А-» деңгейінде өткізген жағдайда олар жоғары шәкіртақы алуға құқылы.

## Ауысы және қайта қалпына келтіру тәртібі

**Қалпына келтіру.** Қайта қалпына келтіру туралы өтініштерді ректор жазғы және қысқы демалыс күндерінде қарастырады. Жоғары оқу орнынан шығарылған студентке белгіленген үлгідегі академиялық анықтама беріледі.

	<p><b>Қайта қалпына келтіру үрдісі:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- студент ҚазҰӨУ ректоры атына қайта қалпына келтіру туралы өтініш береді. Өтінішке академиялық куәлік немесе транскрипт қоса беріледі;</li> <li>- кеңсе-тіркеушісі ұсынылған құжаттар негізінде оқу курсын, оқу жоспарындағы айырмашылықты анықтайды және айырмашылықты тапсыру мерзімін белгілейді.</li> </ul>
---	---

	<p><b>Бір ЖОО-нан екінші ЖОО-на ауысы үрдісі:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- білім алушы ауысу туралы өтінішін өзі оқитын <b>ЖОО</b> ректорының атына береді, жазбаша келісім алғаннан кейін мөр басылып, оқығысы келген ЖОО-ң ректорына жүгінеді;</li> <li>- өтінішке транскрипт көшірмесі қоса беріледі;</li> <li>- кеңсе-тіркеушісі ұсынылған құжаттар негізінде оқу курсын, оқу жоспарларындағы айырмашылықты анықтайды және айырмашылықтарды тапсыру мерзімін белгілейді;</li> <li>- білім алушыны ауыстыру туралы бұйрық шығарылады;</li> <li>- үш күн мерзім ішінде бұрын оқыған жоғары оқу орнына білім алушының жеке ісіне сұраныс жіберіледі;</li> <li>- бұрын білім алушы оқыған жоғары оқу орнының ректоры басқа жоғары оқу орындарынан сұраныс алғаннан кейін жеке істің пошта арқылы үш күн ішінде жіберілуіне жауапты.</li> </ul>
---	--

	<p><b>НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ</b></p> <p>Тапсыру мерзімі оқу жоспарларындағы айырмашылықтарды қайта қабылдау және ауыстыру кезінде ұзақтығы, әдетте, бір академиялық кезең бойында білім алушы пән айырмашылықтарына жазылып, оқу ақысын төлеуі керек, олардың меңгеру бағдарламасын өтіп, қорытынды бақылау өтуі керек. Егер білім алушы қайта қабылдау немесе ауыстыру кезінде оқу жоспарында белгіленген мерзімде айырмашылықтарды тапсырмаған жағдайда, онда осы айырмашылық академиялық берешек ретінде тіркеледі және оның GPA анықтау және курстан курсқа көшіру кезінде нөлмен тең деп ескеріледі.</p>
---	--

**АУЫСУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ СҰРАҚТАРЫ  
БОЙЫНША 201 КАБИНЕТТЕГІ  
АКАДЕМИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТКЕ  
ЖҮГІНІҢІЗ**

## Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген шәкіртақыны тағайындау ережесін бекіту туралы

### 1. Шәкіртақы:

- студенттер мен магистранттардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыруға;
- анағұрлым талантты және дарынды студенттер мен магистранттарды қолдауға;
- зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал етуге бағытталған.

2. Шәкіртақы күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын студенттерге 3-курс бастап, магистранттарға – екінші оқу жылынан бастап мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде тек «өте жақсы» (А, А-) оқитын студенттерге беріледі.

3. Шәкіртақы білім алушылардың мынадай санаттарына тағайындалады:

- республикалық және халықаралық олимпиадалардың, шығармашылық конкурстардың, спорттық жарыстардың, фестивальдардың жеңімпаздары немесе жаңалық авторлары;
- ғылыми еңбек жинақтарында, республикалық және халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдары бар;
- табыстары дипломдармен, грамоталармен, сертификаттармен, куәліктермен расталған ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысатындар;
- білім беру ұйымының қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсене араласатындар.

4. Шәкіртақы ғылыми кеңестің шешімі негізінде жоғары оқу орны ректорының Бұйрығымен жүзеге асырылады..

5. Шәкіртақы бір академиялық кезеңге тағайындалады.

6. Шәкіртақы тағайындауда тең жағдайда басымдылық алдымен:

- жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
- бала жасынан мүгедектерге, мүгедек балаларға беріледі.

7. Шәкіртақыларды төлеу тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттар шегінде ай сайын жүргізіледі.

## Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Ұлт Көшбасшысы Қорының студенттік шәкіртақысын тағайындау ережесі

1. Шәкіртақының мақсаты: Қазақстан Республикасының күндізгі жоғары және орта арнаулы (мәдениет және өнер) оқу орындарында студенттердің оқу, ғылыми және шығармашылық қызметтерін ынталандыру.

2. Қордың шәкіртақысы конкурстық негізде тағайындалады және жалпы белгіленген шәкіртақыдан бөлек төленеді.

3. Қордың шәкіртақысы дербес болып табылады, бір оқу жылына ай сайынғы негізде тек оқу кезінде ғана төленеді, шілде және тамызды қоспағанда - екі семестр 5 ай бойынша.




4. Шәкіртақы мөлшері мен санын Қор белгілейді.
5. Байқауға келесі талаптарға сәйкес келетін ҚР жоғары оқу және арнайы орта білім орындарының күндізгі оқу бөлімінің студенттері қатыса алады:
  - кемінде екі оқу курсы жақсы аяқтағандар;
  - академиялық үлгерімнің максималды көрсеткіші болатындар (үздік үлгерім);
  - оқу орнының кафедралары мен бөлімшелерінің қоғамдық, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстарына белсенді қатысатын.
6. Студенттер мен оқытушылар арасында беделге ие болатын.

### Байқау кезеңдері

Байқау екі кезеңде өткізіледі:

1. Оқу орнының ішінде атап көрсету үшін үздік студенттерді іріктеу (оқу жылы біткеннен кейін тур өткізіледі, екінші турдың басталуына дейін).
2. Республикалық турды оқу орындары атап көрсеткен және байқауға жіберілген студенттер арасында Қор өткізеді (ереже бойынша тур тамыз-қыркүйек айларында өткізіледі).

Конкурс нәтижелері туралы ақпарат Қордың сайтында орналастырылады.

	<p style="text-align: center;"><b>Өтініштерді беру тәртібі</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ізденушілердің өтініштерді ұсынуы жоғары оқу орындары арқылы жүзеге асырылады.</li> <li>2. Екінші (республикалық) турға қатысу үшін 15 қыркүйекке дейін Қорға мынадай құжаттар қажет:                     <ul style="list-style-type: none"> <li>- форма бойынша шәкіртақы алуға конкурсқа қатысу үшін үміткердің жеке өтінімі;</li> <li>- төраға қолымен және кеңестің ғылыми хатшысының қолымен бекітілген студентке шәкіртақы тағайындауға ұсынысы туралы оқу орнының Ғылыми кеңес отырысының хаттамасынан үзінді;</li> <li>- үміткердің жетістіктерін сипаттайтын оқу орнының дәлелді өтінішхаты;</li> <li>- соңғы екі оқу жылының сынақ кітапшасынан (үздік академиялық үлгерімін растайтын) үзінді немесе транскрипт;</li> <li>- үміткердің конференцияларда, олимпиадалар мен байқауларда қатысқаны мен жетістіктерін растайтын құжаттардың көшірмесін, келесілерді қоса алғанда үміткердің (жеке-дара немесе ұжымдық) жарияланған ғылыми жұмыстарының тізімі (болған жағдайда);</li> <li>- ғылыми конференцияларға, симпозиумдарға қатысқан тақырыптарының уақыты мен қай жерде</li> </ul> </li> </ol>
---	---

		<p>өткені туралы тізімі;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- үміткердің ғылыми-зерттеу жұмысына және шығармашылық жарыстарға қатысқанын растайтын басқа да құжаттар.</li> </ul> <p>3. Үміткердің жеке куәлігінің және салық төлеуші куәлігінің көшірмесі.</p> <p>4. Ізденушіні ұсынған оқу орнының ілеспе хаты.</p> <p>5. Қорға ұсынылатын барлық құжаттар оқу орнының мөрімен куәландырылуы тиіс.</p> <p>6. Өтініш нөмірленген, тігілген және оқу орнының мөрімен бекітілген барлық құжаттармен бір данада тапсырылады.</p> <p>7. Келесідегідей өтініштер қарастырылмайды және конкурсқа қатысуға жіберілмейді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- электрондық поштамен немесе факсимильді байланыс арқылы жіберілген;</li> <li>- конкурс шарттарына сәйкес келмеу;</li> <li>- рәсімдеу ережелері бұзылған кезде;</li> <li>- құжаттарды қабылдаудың соңғы мерзімі аяқталғанын жариялағаннан кейін келіп түскен өтініш.</li> </ul> <p>8. Қор өтініштерді жоққа шығарған себептерін хабарламайды.</p> <p>9. Конкурсқа ұсынылған мәліметтер қайтарылмайды.</p>
--	--	---

### *Шәкіртақыны төлеу тәртібі*

1. Шәкіртақы төлеу Қор мен шәкіратқы алушының арасындағы екі жақты келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады.

2. Шәкіртақы төлеу келісімшартта көрсетілгендей шәкіртақы алушының банктік (карточкалық) шотына ақша аудару арқылы жүзеге асады.

3. Келесі жағдайлардың бірінде ғана Қордан шәкіртақы төлеу тоқтатылады:

- оқу мерзімі аяқталғанда;
- студенттің академиялық демалысқа кеткенінде;
- студенттің басқа оқу орнына, оның ішінде ауысу шеңберінде өтуі (ауысуы);
- академиялық үлгерімі көрсеткіштерінің төмендеуі (кезекті сессиясының қорытындысы бойынша);
- студенттің оқу орынынан шығарылуы;
- шәкіратқы алушының қоғамдық тәртіпті және/немесе оқу тәртібін бұзғанда.

4. Қордың келесі конкурстарына студенттің қатысуға жіберілмеуі 3 тармақта көрсетілген жағдайлар болған кезде негізделеді.

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың шәкіртақысы (Назарбаев шәкіратқысы)**

1. Назарбаев шәкіртақысы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мүшесі Н.Ә. Назарбаевтың өмірлік ай сайынғы шәкіртақысының есебінен қалыптастырылады және 6 айлық есептік көрсеткіш көлемінде 10 шәкіртақы тағайындалады.

2. Назарбаев шәкіртақысы келесі шарттарға сәйкес жоғары оқу орындарының күндізгі бөлімде оқитын магистранттарына тағайындалады:


- оқудың барлық кезеңінде үздік бағалары бар (GPA – 4.0);
- ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын;
- оқу орнының қоғамдық өміріне белсене атсалысатын.

3. Назарбаев шәкіртақысына жоғары оқу орнының ғылыми кеңесінің ұсынысы бойынша үміткер бола алады.

**Академиялық ұтқырлық**

1. Академиялық ұтқырлық - білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге: семестр немесе оқу жылына өзге жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) игерген білім бағдарламаларын міндетті түрде кредит түрінде сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖОО-сында немесе өзге ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыр <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V080005499>.

2. Қазақстанның жоғары оқу орындарында академиялық ұтқырлықты жоспарлау және ұйымдастыру кезінде қолдануға қажет төмендегідей нормативтік құжаттар көрсетілген:

	<p><b>Академиялық ұтқырлық бойынша оқу үшін қажет құжаттар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- 20 сәуір 2011 жылғы № 152 Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген кредиттік технология бойынша оқыту оқу үдерісін ұйымдастыру ережелерімен бекітілген (№ 6976 нормативтік құқықтық Актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде) (бұдан әрі - Ереже бойынша КТО) формада білім алушының өтініші;</li> <li>- ұсыным хаттар;</li> <li>- жеке оқу жоспары;</li> <li>- транскрипт көшірмесі (білім алушылар үшін);</li> <li>- медициналық анықтама;</li> <li>- шетелдік жоо-ның ресми шақыруының көшірмесі;</li> <li>- жоғары оқу орнының шетелге іссапарға жіберуі туралы бұйрықтың көшірмесі;</li> <li>- академиялық мобильдік аясында шетелде оқу үшін екі айдан астам мерзімге жіберуге үміткердің ата-аналарының (қамқоршыларының, заңды өкілдерінің) жазбаша келісімі (18 жасқа толмаған тұлғаларға);</li> <li>- қабылдаушы және жөнелтуші жоғары оқу орындарымен білім алушының арасында қол қойылған келісім.</li> </ul>
---	---

3. Ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушының оқығанын растайтын соңғы құжат білім туралы транскрипт болып табылады.